

100 КІТАП



ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Рухани танымдық іс шара

Кіріспе

- **«Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес.**
- **Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.**
- **2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.**
- **2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік.**
- **Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.»**

□ **Елбасы**

Іс-шараның мақсаты:

- Қатысушыларды Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының мақсат-міндеттерімен, жобаның іске асуына жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстыру;
- Қатысушыларды жоба бойынша қызықтыратын сұрақтарына жауап беру;
- Жоба бойынша атқарылған жұмыстардың нәтежиесін ортаға салу;
- Бұқаралық сана мен отандық білімнің дамуына атсалысу;

Жоспар:

ба
лы

ак-жаял

е-презентация



ЖОБА ТУРАЛЫ


ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылып жатыр.

Оның мәні мынада:

1. Тарих, саясаттану, социология, философия, психология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, инновация ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау.
2. Алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау. 2018-2019 оқу жылынан бастап студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастау.
3. Осыларды қамтамасыз ету үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес «Ұлттық аударма бюросы» құрылды. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарды бастап кетті.



**ҰЛТТЫҚ
АУДАРМА
БЮРОСЫ** 
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

***Қадірлі әріптестер!
Құрметті достар!***

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандары да ауадай қажет екенін айтты. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды.





**Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде
«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы қолға алынды.**

Аталған жоба аясында бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары түрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, біздің студенттерге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік берілді.

Бұл жұмыс үкіметтік емес және коммерциялық емес «Ұлттық аударма бюросы» деп аталатын қоғамдық қордың негізінде ұйымдастырылды.

Аударылатын кітаптарды таңдау үшін еліміздегі барлық оқу орындарынан ұсыныс жиналып, жалпы саны 800-ден аса оқулық атауы келіп түсті. Жинақталған тізімдердің негізінде бірнеше рет басылған, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан, мазмұндық тұрғыдан бейтарап болуы қажет деген талаптарға сай оқулықтар таңдалды. Жоспар бойынша 2017-2018 жылдары 47 оқулық қазақ тіліне аударылып, еліміздегі 132 университетке жеткізілді. Жаңа оқулықтар 2018-2019 оқу жылынан бастап жоғары білім беру жүйесіне енгізілді.

2019-2020 жылдары жобаның үшінші және төртінші кезеңіне таңдалған 53 оқулық аударылып, басылып, ЖОО кітапханаларына тегін таратылды.

Іріктелген оқу құралдарын қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының оқытушылары, білікті аудармашылар мен редакторлар, жалпы саны 300-ге жуық маман қатысты. Мәтіндер бірнеше лек әдеби және ғылыми редакциядан өтті.

Мұндай ауқымды ғылыми аударма жобасы Қазақстанда бұрын-соңды іске аспаған. 100 оқулықты аудару аясында Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары білім беру орындары, ғылыми орталықтар және оқулық шығаруға маманданған баспа ұйымдарымен тығыз әріптестік орнатпақ. Кең көлемді аударма жұмысы қазақ тілін халықаралық ғылыми лексикамен байыта түсуге, ғылыми терминологияны дамытуға, академиялық жазу стилін жетілдіруге, қазіргі ғылыми зерттеу және баяндау әдістерін игеруге зор мүмкіндік береді.



Бұл жобаны іске асыру бірқатар аса маңызды жүйелі мәселені шешуге жол ашады.

Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылды. Сол арқылы тілдің дамуына аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды.

Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасалады . Біздің оқу орындарындағы мазмұн және академиялық талқы деңгейі әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейіне шығады.

Үшіншіден, аса ауқымды аударма жобасы қазақстандық аударма мектебінің күшейіп, жетілуіне жағдай жасайды. Аудармашы мамандар , ғалымдар мен оқытушылардың жаңа негізде жұмыс істеуіне алғышарт болады.



ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Осы уақытқа дейін қай бағыттар бойынша және қанша оқулық аударылды?

- Қазіргі уақытта философия, әлеуметтану, психология, дипломатия, дінтану, лингвистика, семиотика, педагогика, интернет психологиясы, мәдениеттану, антропология, журналистика, экономика, менеджмент, маркетинг, кәсіпкерлік, халықаралық құқық, интеллектуалдық құқық, кинотану, театртану, шығыс философиясы, көшбасшылық, медиа, этнография салалары бойынша ЖОО студенттеріне арналған 100 оқулық аударылды. Оқулықтар еліміздегі 132 университет кітапханаларына тегін таратылды.

Неге гуманитарлық сала оқулықтары ғана аударылып жатыр?

- Біріншіден, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір тетігі «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» деп аталады. Елбасы осы мақаласында «Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар ауадай қажет» деген. Яғни, мұнда гуманитарлық ғылымды дамытуға басымдық беріліп отыр. Екіншіден, индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында техникалық ғылымдар бойынша оқулықтар бұрыннан жоспарлы түрде аударылып келеді.

Аударылған оқулықтарды қайдан алуға болады?

- Бұл оқулықтар ЖОО студенттеріне арналған. Оқулықтар 10 мың дана болып басылып, 132 жоғары оқу орнына тегін таратылды. Оқытушылар мен профессорлар, сала мамандары жаңа кітаптарды 2018-2019 оқу жылының бағдарламасына енгізуге арналған әдістеме дайындады. Сонымен қатар, оқулықтардың электронды нұсқасы әзірленіп, ол Қазақстанның ашық университеті – openU.kz платформасына жүктелді. Көпшілік осы жерден оқи алады. Сондай-ақ, қоғам қызығушылығы мен ұсынысы ескеріліп, кітаптар Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы ірі кітап дүкендері арқылы сатылымға қойылды. Бұл жұмыс жеке меншік баспа арқылы ұйымдастырылды, мемлекет қаржысы шығындалған жоқ.

Аударылатын оқулықтар қалай таңдалады?

- Еліміздегі жоғары оқу орындарынан қазақ тіліне аударуға 800-ден аса кітап ұсынылып, оны ҚР Білім және ғылым министрлігі жанынан құрылған арнайы комиссия қарады. Оқулықты таңдауда бірнеше талап ескерілді. Біріншіден, оқулық әлемнің ең үздік деген 100 университетінің оқу бағдарламасында болуы шарт. Екіншіден, кітап кем дегенде үш рет басылып, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан болуы тиіс. Үшіншіден, оқулық мазмұны бейтарап болуы керек. Төртіншіден, оқулықтың түрлі интерактивті қосымшалары мен видеолекцияларының, онлайн-курстарының болуы маңызды

Шет тілдерін жақсы білетін мамандар тапшылығы бар ма?

- Ол пәнге байланысты. Философия, әлеуметтану, психология, экономика бойынша ағылшын тіліндегі әдебиеттерді қазақшаға аударатын мамандар көп. Бірақ, гуманитарлық ғылымдардың тілді меңгерген әмбебап мамандар тапшылығы сезілетін де саласы бар. Мұндай жағдайда пәнді жақсы білетін ғалым-оқытушы мен аудармашы және мәтінді қазақша сауатты жеткізетін редактор бірлесе жұмыс істейді.

Оқулықтар қай тілден аударылды?

- Оқулықтардың басым бөлігі ағылшын тілінен аударылды. Француз, орыс тілдерінен аударылған оқулықтар да бар. Бұл кітаптардың кейбірінің орысша нұсқасы бар болғанына қарамастан, Ұлттық аударма бюросы оқулықты түпнұсқа тілден тікелей аударуға мән берді.

Шет тілдерін жақсы білетін мамандар тапшылығы бар ма?

- Ол пәнге байланысты. Философия, әлеуметтану, психология, экономика бойынша ағылшын тіліндегі әдебиеттерді қазақшаға аударатын мамандар көп. Бірақ, гуманитарлық ғылымдардың тілді меңгерген әмбебап мамандар тапшылығы сезілетін де саласы бар. Мұндай жағдайда пәнді жақсы білетін ғалым-оқытушы мен аудармашы және мәтінді қазақша сауатты жеткізетін редактор бірлесе жұмыс істейді.

Бір оқулықты аударуға қанша қаржы жұмсалады?

- Бір бетті аудару құны – 7 000 теңге: 3 000 теңге – аудармашыға, 1 500 теңге – ғылыми редакторға, 1 500 теңге – әдеби редакторға, қалғаны – корректор, дизайнер мен беттеушіге тиесілі.

Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасына қатысып, аударуға оқулық ұсына аламыз ба?

- Кез келген адам қазақ тіліне аударылатын оқулыққа қатысты ұсыныс жасай алады. Егер ұсынатын оқулығыңыз болса, онда 100kitap.kz сайтындағы кері байланыс арқылы немесе Ұлттық аударма бюросының Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасына хат жазыңыз. Сіздің ұсынысыңыз арнайы комиссия қарауына жіберіледі. Олар оқулықтың талаптарға сәйкестігін тексереді.

Қорытынды:

ЖОБАҒА ҚАТЫСУ

Жобаға қатысып, отандық білімнің дамуына өз үлесіңізді қосыңыз!



Аудармаға
қатысу

Өтініш қалдыру

Аудармаға
кітап ұсыну

Ұсыныс беру

